

# ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ

---

---

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы

2016 жыл 12 қаңтар

### **KASE Басқарма Төрағасының жұмыстан кетуін мәлімдейді**

Қазақстан қор биржасының (KASE) Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 08 қаңтарындағы шешімімен KASE Басқармасының Төрағасы Біртанов Есжан Амантайұлының өкілеттілігі өз еркімен, басқа жұмысқа ауысуына байланысты, 2016 жылдың 11 қаңтарынан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Е. Біртановтың жетекшілігімен KASE операциялық қызметін дамытуға және халықаралық қаржы институттармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар мақсаттар орындалды. Лондонның қор биржасы, Thomson Reuters және Oliver Wyman сынды ұйымдармен өзара түсіністік меморандумдарына қол қойылды. 2015 жылы KASE БҰҰ-ның тұрақты биржаларға арналған бастамасының (UN SSE) серіктесі болды.

Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарушысы болып Хорошевская Наталья Юрьевна тағайындалды.

KASE Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамы KASE интернет-сайтында [http://www.kase.kz/kz/kase\\_management](http://www.kase.kz/kz/kase_management) мекен-жайы бойынша жарияланған.

### **Анықтама үшін**

KASE Қазақстан қор биржасы (KASE) ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылады, оның ресми тізімінде 130-дан астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, 40-тан астам брокерлер онымен сауда-саттық жүргізеді. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына арналған әмбебап сауда алаңы.

KASE Дүниежүзілік Биржалар Федерациясы (WFE), Еуроазиялық Қор Биржаларының Федерациясы (FEAS), БҰҰ-ның тұрақты биржаларға арналған бастамасы және тағы бірқатар ішкі сондай-ақ халықаралық кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болып табылады. Қазақстан Орталық-Азиялық аймақтағы аймақтық қаржы орталығы ретінде дамуды көздеген, Исламдық қаржыландыруды дамытуға ерекше көңіл бөлетін, жетекші қаржы нарығы болып табылады. Қазақстан қарқынды дамып келе жатыр. Елдің дамыған және динамикалық ішкі капитал нарығы бар, өз кезегінде ол Орталық-Азиялық аймақтағы басқа қатысушылар мен әлеуетті эмитенттерді тартады.

KASE туралы қосымша ақпараттармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде [www.kase.kz](http://www.kase.kz) сайтында танысуға болады.